

Б.Ысқақұлы ат.  
Нұра АОК



Нуринская ЦРБ  
им. Б.Ысқақұлы



**Бүркіт Ысқақұлының**

**туылғанына - 100 жыл**

**Елін**

**сүйген**

**ер**

**Бүркіт Ысқақұлы атындағы Нұра  
ауданының орталық кітапханасы**

**Ақпараттық - библиографиялық  
сектор**

## **Елін сүйген ер**

**(Бүркіт Ысқақұлының туылғанына - 100 жыл)**

**Библиографиялық жадынама**

**2024**

908(574):83 )Қаз

Е41

**Елін сүйген ер:** Бүркіт Ысқақұлының 100 жылдығына арналған библиографиялық жадынама / Бүркіт Ысқақұлы атындағы Нұра ауданының орталық кітапханасы; құраст. Ақпараттық – библиографиялық қамтамасыз ету секторы.-Нұра, 2024.- 16 б.

**Шығарылымға жауапты:** Бүркіт Ысқақұлы ат. Нұра ауданданының орталық кітапхана басшысы Г. С. Аждағамбетова.

**Құрастырушы:** Ақпараттық – библиографиялық қамтамасыз ету секторы.

Бүркіт Ысқақұлының 100 жылдығына арналған библиографиялық жадынамаға жазушының өмірбаяны, шығармашылығы енгізілді. Оның баспа беттерінде жарық көрген мақалалары, шығармалары және ақын туралы мақалалардың тізімі берілген.

Библиографиялық жадынама студенттерге, өлкетанушыларға, әдебиетті сүйетін көпшілік оқырманға арналған.

## Оқырманға

Биыл жерлесіміз, ақиық ақын, филология ғылымының докторы және Ұлы Отан соғысының ардагері – Бүркіт Ысқақұлының туғанына 100 жыл толып отыр. Өзінің аздаған ғұмырына қарамастан артындағы ұрпаққа өлмейтұғын із қалдырып, білім беру саласында қалдырған үлесі зор.

Библиографиялық жадынаманы құрастыруда орталық аудандық кітапхана қорында бар мәліметтер, ақынның қызы Айгүл Бүркітқызы ұсынған жеке құжат материалдары және ғаламтор ресурстары пайдаланылды.

Жадынамада ақынның өмірбаяны, шығармашылығы, мерзімді баспа беттерінде жарық көрген мақалалары, ақын туралы мақала естеліктердің тізімі, фото суреттер, және әдебиетші ғалымға арналған шағын сайтымыздың QR берілген.





**Б. Ысқақұлы**


Бүркіт (шын есімі Бейісбек) Ысқақұлы 1924 жылы 4 қарашада Қарағанды облысының Нұра ауданына қарасты Көкмөлдір ауылында туған.

Жастайынан атасы Ибрагимнің тәлім-тәрбиесін көріп, сауатты анасы Нұржамалдан қиса-дастандар мен Абай өлеңдерін жаттап өседі. Ақынның әкесі Ысқақ та сауатты, көкірегі ояу, көзі ашық болған. Оған Сұлтан-Ахмет мектебінде қоғам және мемлекет қайраткерлері Сәкен Сейфуллин мен Абдолла Асылбеков сабақ берген. Бала Бүркіт те осы мектептен оқып, сауатын ашқан. Ол жастайынан қиялшыл, арманшыл болған екен.

Зерек жас ел аузындағы қисса дастандарды зейін қоя тыңдап, жаттап алып жүреді. Соның әсері болса керек, кейін өзі де өлең шығара бастайды. Білімге құштар жас Бүркітті әкесі одан әрі дамытуды ойлайды. Оқушы Бүркіттің Қарағанды табалдырығын аттауы 1934 жыл қаланың құрылуымен сәйкес келеді. 1934-1935 жылдары Федеровка балалар үйінің жанындағы мектепте оқуын жалғастырады. Өз ауылынан үшінші сыныпты бітіріп келген Бүркіт қазақ мектебі болмай орыс мектебінің екінші сыныбына жіберіледі. Ішкі жан дүниедегі толқыныс пен ауылдан алты қадам әрі аспаған бала сағынышынан тұңғыш «Анама хат» төл туындысын шығарады. Жездесі Сұлтан Иманбаев пен апасы Балжан Федеровкадан Компанеец деген жерге жұмыс бабымен ауысады. Оқушы Бүркіт үй жағдайының қиындығына байланысты балалар үйіне тұрады.



**Б. Ысқақұлының ата-анасы**



**Б. Ысқақұлының өз қолымен жазған автобиографиясы**

1935 жылы қаңтар айында Компанеецтен Кірпіш зауыты деген жерге жездесінің үйі көшіп, бала Бүркітті де өздерімен бірге ала кетеді.

1938 жылы сентябрь-ноябрь айларында Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы № 7 қазақ орта мектебінде оқыған. Сабақтардың ішінде гуманитарлық ғылымдарды тарих пен география пәндерін сүйіп оқиды. Бірақ та, үздік оқыған Бүркіт Ысқақұлы бұл мектепте оқуын жалғастыра алмайды. Себебі әкесі Ысқақ «халық жауы» болып айдалып кете барады. Әкесі сотталып кетіп бара жатып бауырларын Бүркітке аманаттайды. Әке аманатын арқалап он төрт жастағы Бүркіт Көкмөлдірге жетеді. Екі-үш күн үйінде болып бұрынғы оқыған жері Казгородок мектеп интернатына қабылданады. Тағдыр соққысын талай мәрте тартып, жүрекке қатқан кек бала Бүркітті ерте есейтіп ер жеткізеді. Бүркіт Ысқақұлы оқыған Казгородок мектеп-интернаты Нұра ауданында алғашқы ашылған білім ошақтарының бірі болды. Казгородок мектеп-интернатында қара нанды бөліп жеген Бүркіт Ысқақұлы мен Махмет Теміровтың алғашқы танысуы басталып, кейін осы таныстық өмірлік айнамас достыққа ұласып, бірге тар жол тайғақ кешкен еді. Бүркіт ақын қоғамдық жұмыстарға жастайынан белсене араласып, әдеби мұрамен өзі ғана қызығып қоймай, өзге достарында тартып, олардың оқуға деген ынта-жігерлерін оята білген.

1938-1939 жылдары білімге құмар Бүркіттің бастауымен «Жас әдебиетші» деген үйірме құрылады. Балалық кезінен һәкім Абайды тыңдап, Сәкенді сүйіп оқып, жүрегіне түйіп өскен бала Бүркіттің ақын болып қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Бүркіт сол ақындарға еліктеп «Ақын болғым келеді» деген өлең жазады. Ол өлеңі «Октябрь балалары» газетінде жарияланады. Бір өлеңі жарыққа шыққаннан кейін қанаттанған оқушы Бүркіттің «Көсем сөзі» деген өлеңі басылады. Сол өлеңдерінің арқасында 1938 жылдан «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінің жас тілшілері қатарына қосылады.

Қазақ даласында педогог кадрларды дайындауға байланысты Кеңес үкіметі 1938 жылы Қарағанды қаласында оқытушылар институтын ашады. Бүркіт Ысқақұлының тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына 1940-1942 жылдары Қарағанды мемлекеттік оқытушылар институтында (қазіргі Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті) оқуы өзінің әсерін тигізбей қоймайды. Институт студенттерінің әдеби ортасында жүріп өзі де ақынжанды Бүркіт қазақ әдебиетінің аға оқытушысы Айтбай Нәресұлы басшылығымен құрылған «Жас қалам» үйірмесінің белді мүшесі атанады. Үйірмеге Оңайбек Құдышев, Бахмет Жанахметов, Дүйсенбай Мырзахметов, Қинаш Ыдырысов, Жаппар Өмірбеков, Бүркіт Ысқақов, Дүйсенбай Тұрғанбеков сияқты өлең-жыр жазуға қабілеті бар, талантты да талапты жастар қатысады.

Үйірмелерге қатысқан студенттер Алаш ұлт қайраткерлерінің еңбектерімен танысып, үйірмеде талдап-талқылап жүрген.



Алматы қаласының жоғары оқу орындарындағы Қарағанды облысы Нұра ауданының студенттері. 1950 ж.

Архив құжаттарында институтта Ресейдің орталық қалаларынан Мәскеуден, Ленинградтан, Саратовтан тағы басқа да жерлерден жер аударылған немесе айдалып келген профессорлар мен доценттер: «1939–1940 жылдар аралығында Қарағанды мұғалімдер институтында жұмыс істеген мұғалімдер тізімі: Рымарев, Мамиконян, Кобыляцкий, Абишев, Ткаченко, Нәрешев, Спасибенко, Байтасов, Романовская, К.Меделец, Наумов, Табышева, Богословский», – олардың дәріс оқулары

институт студенттерінің жан-жақты жаһандық жағдайда білім алулары үшін зор мүмкіндік болатын. Осы ұстаздардың әлемдік деңгейдегі білімдері мен қажыр-қайраттары студенттердің тұлға ретінде қалыптастыру жолында еңбектері еш кетпей, ЕСЕП партиясының тарихы осы жоғарғы оқу орны қабырғасында қаланады

Бүркіт Ысқақұлы жасынан өзінше ойлап, көзқарасын ашық айтып, білдіре білген. Қырықыншы жылдарың басында, сталиндік жауыздықтың сырын Бүркіт ақын бәрінен бұрын түсінген еді. Жаппай репрессия құрбанына айналған ұлт қайраткерлерінің еңбектерін оқу арқылы жастардың санасына Алаш идеясынан бала Бүркіт өзі нәр алып, қатарластарына себе білді.



Отырғандар: (солдан оңға қарай) Бүркіт Ысқақұлы, қызы Айгүл, жұбайы Мәруа, Махмет Темірұлы. Түрегеп тұрғандар: (солдан оңға қарай) Нариман Ысқақұлы, Сыздық Мусин. 1950 ж. Алматы.


1940–1941 жылдары студент Бүркіттің ұйымдастыруымен жастардың астыртын саяси ұйымы ЕСЕП (Елін сүйген ерлер партиясы) партиясының алғашқы қадамдары жасалады. Партияның іс-әрекеті ел ішінде кең тарамаса да, 37-нің ызғары басылмай тұрған сәтте мұндай әрекетке барудың өзі ерлікпен парпар дүние болатын. «ЕСЕП» ұйымының түп негізінде «Алаш» партиясының идеясы жатқан еді. «ЕСЕП» партиясының мүшелері: Бүркіт Ысқақов (көсемі), Махмет Теміров (орынбасары), Елеш Бимағанбетов, Дәкен Шалабеков, Аманжол Дүйсенбаев, Әшім Сүлейменов, Жанайдар Әубәкіров болды. Бұлар институтта оқып жүрген студенттер. Олардан басқа ауылда тұратын пікірлес достары да партия мүшелері деп есептелді. Олар: Рақыш Бұйрабеков, Кәмәли Рахметов, Қажыкен Тінтаев, Аққошқар Мұқанов, Балапан Сәкібаев, Орынбай

Сауқанов, Сайдалы Кенжебаев (кейіннен Мақуов), Дәулетбек Әкімбеков, Қыздарбек Әкімбеков.

Көп кешікпей соғыс та басталды. Сөйтіп, Қарағанды оқытушылар институтының қазақ тілі мен әдебиет мамандығын бітіріп, 1942 жылы қараша айында «Советтік Қарағанды» (Орталық Қазақстан) газетінде жұмыс істеп жүрген кезінде ақын екінші дүниежүзілік соғыстың қан майданына аттанады. «ЕСЕП»-тің басқа мүшелері де әскерге алынып, майданға жөнелтілді. Бірақ ұйымның алғашқы мүшелері тарап кеткенмен, «ЕСЕП» идеясын насихаттау соғыстың қызу жүріп жатқан кезінде де әрі қарай жалғаса берген. 1944 жылы Қарағандыда бір топ жастарды Кеңес үкіметіне қарсы жүргізіп жүрген саяси насихаттары үшін қамауға алады. Алайда, соғыстан кейінгі жылдары қайта жанданып, «ЕСЕП»-тің идеясын жалғастырушылар мұнымен тоқтап, тоқырап қалмаған. Азаттық идеясын үгіттеуді саналы студенттер әрі қарай жалғастыра берген.



**Бүркіт Ысқақұлы, қызы Айгул,  
жары Мәруа**




**Тұтқындалушы  
Б. Ысқақовтың анкетасы**

1946 жылы аман-есен оралған Бүркіт Ысқақұлы аз ғана ай белгілі халық ақыны Доскей Әлімбаевтың әдеби хатшысы міндетін атқарады. Кейін 12 жасынан атасының шығармаларын қағаз бетіне түсіріп отырған Доскей ақынның жиені, ой-өрісі кең Мәруа Әупейісқызымен көңіл қосып, тұрмыс құрады. «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінде қызмет атқарған кезден ол өзінің қаламгерлік қабілетін айрықша таныта бастайды.



**Тұтқындалушы Б.  
Ысқақовтың анкетасы**

Жазған өлеңдері «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан» газеті), «Қарағанды комсомолы» газеттерінде үзбей жарияланып тұрды. Қызмет істей жүріп, Қазақ мемлекеттік университетінің тарих-филология факультетіне түсіп, оны 1948 жылы тәмамдайды.



1948-1951 жж. Қазақ КСРҒА-ның аспирантурасында оқып, «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, республикалық «Пионер», «Білім және еңбек» журналдарында бөлім меңгерушісі, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде жауапты хатшы болып, қазақ журналистикасының өсіп-өркендеуіне үлес



Қылмыстық іс хаттамасынан үзінді

Қылмыс іс қаулысы

қосады.

1951 жылы жаппай құдалау мен қуғын тұсында Қазақ республикасының Жоғары соты РСФСР («Российская Советская Федеративная Социалистическая Республика». Ресей 1936-1991 жылдары ресми түрде осылай аталды) қылмысты істер кодексінің 58 бабының 10-11 тармақтары бойынша, Б.Ысқақұлын, М.Теміровты, Айтбай Нәрешевті «Үкіметке қарсы үгіт таратып жүр» деген жаламен жазықсыз тұтқынға алынып, жиырма бес жылға сотталып, қосымша 5 жылдық адамдық құқықтан айыру туралы үкім шығарады. Дәлел боларлық ешқандай құжат, немесе заттай айғақ та болмаған. Айыптардың барлығы құрғақ сөздерге ғана құрылған. Соған қарамастан НКВД тергеушілері Бүркіт Ысқақовты және онымен бірге қамауға алынған басқа да азаматтарды күндіз-түні қыспаққа алумен болды. Сонымен бес-алты жыл бойы лагердегі ауыр азапты бастан кешіп, қылмыстары кешіріліп, 1956 жылы елге оралады. Содан Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып ұзақ жылдар бойы еңбек етті. Бүркіт Ысқақұлы абақтыда және айдауда жүрген жан бағып қарап жатпады. Ол онда да ақиқат үшін, азаттық үшін арпалысумен болды. Өз басынан өткізген тауқыметті тағдыр жолын өлеңге айналдырып отырды. Бейнетті молынан кешкеніне қарамастан Бүркіт Ысқақұлы «Үзілмей жібi үміттің», «Тас еденнің ызғары» атты ұзақ өлеңдер топтамасын жазып шықты. Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы «Сенің Отаның» 1958 жылы жарыққа шықты. Қарағандылықтардың еңбектегі ерліктерін жырлайтын «Жылдар жырлайды», «Шабыт шуағы», «Өлеңді жылдар» «Шындық дауысы» деген поэзиялық жинақтары жақсы бағаға ие болды.



Б. Ысқақұлының бостандыққа шығу анықтамасы

Сонымен бірге Бүркіт Ысқақұлы «Қазыналы Қарағанды», «Арқаның алып жүрегі», «Нұрлы Нұра бойында» көркем очерктердің авторы. Бүркіт Ысқақұлын балалар жазушысы деп те атайды. Оның «Сенің Отаның» кітабы, «Кішкене театр», «Әлімнің әлегі» шағын пьесалар жинағы, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» аңызы балаларға арналған. Бүркіт Ысқақұлының өлеңмен жазған «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген аңызы



«Орталық Қазақстан»  
газетінің ұжымы

бойынша 1966 жылы қазақтың тұңғыш мультфильмі жасалды. Режиссер Әмен Әбжанұлы Хайдаровтың аңызбен аттас мультфильмі дүниежүзінің 48 елінде көрсетілген. Ол алғаш рет Ленинградта өткен III - Бүкіл одақтық кинофестивальде марапатталса, 1975 жылы Нью-Йоркте өткен Халықаралық кинофестивальде қола Праксиноскопқа (қозғалмалы сызбаларды көрсетуге арналған оптикалық құрал) ие болды.

Ал әдебиетті зерттеу саласында «Қазақ-татар әдеби байланысы» және «Қазақ-башқұрт әдебиет қатынастары тарихынан» тақырыптарында монографиялар жазды. Оңға жуық жыр-жинақтардың авторы. Ақын аудармашы ретінде де белгілі: А.С. Пушкин, М.Ю.Лермонтов, В.В. Маяковский, И.Франко, Н. Хикмет, С. Вургун және т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударуға қатысқан.

«Қазақ әдебиетінің Жайық жағасында тұратын халықтар» творчествосымен рухани байланыстары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғауына санаулы күн қалғанда, 1991 жылы дүниеден өтеді.

Бүркіт Ысқақұлы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, “II - дәрежелі Ұлы Отан соғысы” орденінің, көптеген жауынгерлік медальдердің иегері, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Бүркіт атамыздың екі ұлы болған. Екеуі де дүниеден өткен. Ұлы Сырымнан, екі қыз, бір ұлы бар. Қарағанды қаласында тұрады. Сырымның баласы Жәнібек кәсіпкер, қыздары Тоғжан, Шолпан әртүрлі салада қызмет етіп жүр. Аналары - зейнеткер. Ал Бүркіт Ысқақұлының Айгүл, Назым есімді қыздары зейнеткерлер, Назымның жолдасы Арыстан Жанатайұлы Шарденов қайтыс болған. Олардың жалғыз қызы Мәдинә тұрмыста, төрт баласы бар.

Айгүл Бүркітқызы Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультеті орыс тілі мен әдебиет бөлімін бітірді. 1986-1970 жж. Қарағанды қаласындағы мектепте мұғалім болған. 1972 жылдан 2005 жылы зейнетке шықты. Зейнетке шыққаннан кейін халық ақыны, анасы Мәруаның атасы Доскей Әлімбаевтың, әке-анасының шығармаларын жарыққа шығарумен айналысты. Бүгінгі күнде Алматы қаласында тұрады.

## Шығармалар тізімі:

Ысқақов, Б. Атаның сөзі - ақылдың көзі / құраст.: А. Ысқақова.-Алматы: "Абзал-Ай" баспасы, 2014.- 112 б.

Ысқақов Б. Бұл менің көз жасым ғой қан аралас: өлеңдер/Б. Ысқақов.- Қарағанды: Болашақ, 2014.- 94 б.

Ысқақов Б. Жылдар жырлайды: өлеңдер/Б.Ысқақов.- Алматы: Жазушы, 1979. – 108 б.

Ысқақов Б. Қазақ және Еділ халықтары әдебиеттерінің идеялық-творчестволық байланыстары (шығу тегі мен жолдары)/ Б.Ысқақов. – Алматы: Арыс, 2007. – 276 б.

Ысқақов Б. Өлеңді жырлар: өлеңдер мен поэмалар/Б.Ысқақов. – Алматы: Жазушы, 1988.- 144 б.

Ысқақов Б. Шабыт шуағы: өлеңдер, поэма/Б.Ысқақов. – Алматы: Жазушы, 1984.- 88 б.

Ысқақов Б. Шығармалары/Б.Ысқақов.- Астана: Фолиант, 2014. – 304 б.

Қазақ балалар әдебиеті кітапханасы: Т.8: Өлеңдер, ертегілер, аңыздар, поэмалар/Қ. Мұқышев, Ә Ахметова, Б. Ысқақов, Н. Әлімқұлов.-Алматы: Жалын.-1991.-560 б.

### **Мерзімді баспа беттерінде жарық көрген ақынның шығармалар тізімі:**

Азаттықты аңсаған: Б. Ысқақовтың өлеңдері //Нұра.- Киевка, 2008.- 12 қаңтар - 4 б.

Ысқақов, Б. Арнау өлеңдер / Б. Ысқақов //Жаңа жол.- 1991.- 2 наурыз. - 3 б.

Ысқақов, Б. Батыр мен ер / Б. Ысқақов //Социалистік Қазақстан.- 1948.- 18 тамыз - 3 б.

Ысқақов, Б. Бесжылдықтың перзенті / Б. Ысқақов //Әдебиет және искусство.- 1949.- №1- 45 б.

Ысқақов, Б. Жар жыры / Б. Ысқақов //Лениншіл жас.- 1947.- 15 қаңтар - 4 б.

Ысқақов, Б. Жас шахтер / Б. Ысқақов //Лениншіл жас.- 1949.- 7 қазан - 3 б.

Ысқақов, Б. Жұлдыз / Б. Ысқақов //Социалистік Қазақстан.- 1949.- 10 мамыр - 4 б.

Ысқақов, Б. Комсомол билеті / Б. Ысқақов //Социалистік Қазақстан.- 1948.- 29 қазан - 3 б.

Ысқақов, Б. Көк мөлдір / Б. Ысқақов // Советтік Қарағанды.- Қарағанды, 1962.- 8 тамыз - 3 б.

Ысқақов, Б. Қайран Нұра / Б. Ысқақов // Жаңа жол.- Киевка, 1991.- 2 наурыз.- 3 б.

Ысқақов, Б. Қос жұлдыз / Б. Ысқақов // Әдебиет және искусство.- 1949.- №4 - 45 б.

Ысқақов, Б. Көңілден күлкі қашқан заман еді / Б. Ысқақов // Парасат.- 1971.

Ысқақов, Б. Күлкісіз күндер, ұйқысыз түндер / Б. Ысқақов // Орталық Қазақстан.- 1989.- 13, 14, 15, 17 қазан. - 4 б.

Ысқақов, Б. Октябрь құрдасы: жас ақындар сөйлейді / Б. Ысқақов // Социалистік Қазақстан.- 1947.- 22 қазан - 3 б.

Ысқақов, Б. Соғыс құмарларға / Б. Ысқақов // Лениншіл жас.- 1950.- 1 қараша. - 2 б.

Ысқақов, Б. Халық ақыны Қайып: Қ.Айнабековтің туғанына 105 жыл / Б. Ысқақов // Орталық Қазақстан.- 1990.- 1 қараша.- 4 б.

### **Ақын туралы әдебиеттер:**

Темірұлы, М. Арман мен азап: естелік / М. Темірұлы.- Алматы: Санат, 1998.- 160 б.

Ысқақов Бүркіт // Қазақстан жазушылары: анықтамалық; 75 жыл / құраст. С. Қамшыгер. - Алматы: Ан Арыс, 2009. - 445 б.

Ысқақов Бүркіт // Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия.- Алматы, 1990.- 602 б.

Ысқақов Бүркіт // Қарағанды. Қарағанды облысы: энциклопедия / ред. А. Абдулин.- Алматы: Атамұра, 2006.- 561 б.

Ысқақов Бүркіт // Нұра ауданының энциклопедиясы: энциклопедия. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2008. - 138 б.

### **Ақын туралы мақалалар тізімі:**

Әскеев, М. Дарынды ақын / М. Әскеев // Жаңа жол.- Киевка, 1993.- 21 шілде - 3 б.

Әсіпұлы, С. Елін сүйген ердің ізі: ақын, филология ғылымының кандидаты Бүркіт Ысқақов / С. Әсіпұлы // Егемен Қазақстан.- 2005.- 1 ақпан - 5 б.

Балташұлы Е. Жалындаған ғұмыр, жарқылдаған жырлар / Е. Балташұлы // Нұра. - Нұра, 2022. - 18 наурыз. - 5 б.

Балташұлы Е. Жалындаған ғұмыр, жарқылдаған жырлар / Е. Балташұлы // Түркістан. - 2014. - 27 наурыз (№ 12). - 10 б.

Жанысбай, С. Шындық үшін шырылдаған : ақын Бүркіт Ысқақовтың туғанына - 70 жыл / С. Жанысбай // Орталық Қазақстан.- 1994.- 17 қараша - 2 б.

Ибрагимова, А. Поэт и гражданин / А. Ибрагимова // Индустриальная Караганда.- Караганда, 2005.- 20 январь.

Құдышұлы, О. Азаттықты аңсап өткен азамат : ақын Бүркіт Ысқақовтың туғанына - 70 жыл / О. Құдышұлы. // Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 1994.- 5 қараша - 8 б.

Мұстафина, С.А. Белгілі ақын, әдебиетші ғалым Бүркіт Ысқақовқа - 90 жыл / С.А. Мұстафина // Нұра.- Киевка, 2014.- 23 тамыз - 5 б.

Оразбай, Е. Елдің ерін іздеген өрен / Е. Оразбай // Нұра.- Нұра, 2022.- 11 тамыз - 4 б.

Өмірбекұлы Ж. Қайсар ақын, тынымсыз ғалым: Б. Ысқақовтың 70 жылдығына // Орталық Қазақстан.- 1994.- 10 желт.

Серікбаев, С. Бүркіттану кабинеті ашылды / С. Серікбаев // Нұра.- Нұра, 2021.- 25 қырк. - 4 б.

Темірұлы, М. Ақын, ғалым Бүркіт Ысқақовты еске алу кеші / М. Темірұлы // Нұра.- Киевка, 2006.- 11 қараша - 2 б.

Темірұлы, М. Алаш идеясы және "Есеп" партиясы : Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі М. Темірұлымен сұхбат / М. Темірұлы; сұхбаттасқан Е. Смайыл // Егемен Қазақстан.- 2011.- 23 ақпан - 6 б.

Темірұлы, М. Елім деп еңіреп туған ер еді: ақын, ғалым Бүркіт Ысқақовтың туғанына - 80 жыл / М. Темірұлы // Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2004.- 6 қараша. - 8-9 б.

Темірұлы, М. Елім деп еңіреген ер еді: ақын, ғалым Бүркіт Ысқақовтың туғанына - 80 жыл / М. Темірұлы // Азия Транзит.- 2004.- №10.- 30,33 б, №11.- 34,36 б.

Темірұлы, М. Елім деп еңіреп туған ер еді: Нұра ауданына - 80 жыл / М. Темірұлы // Нұра.- Киевка, 2008.- 21 маусым. - 3 б.


Ұлт ұраншысы: ұлт тұлғасын ұлықтау кеш өткізумен бітпейді... // Орталық Қазақстан.- Қарағанды, 2014.- 8 қараша. - 8 б.

### **Интернет ресурстары:**

Бүркіт Ибрагимұлы Ысқақов //Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы:сайт.-Қарағанды,[1999–2024].- URL: <https://karlib.kz/kz/ara-andy/345-t-l-alar/4882-b-rkit-ibragim-ly-ys-a-ov>(жүгіну күні 20.10.2024).

Жағыпар, Ә. ЕСЕП – Алаш партиясының ізбасарлары: тарихшы, бүркіттанушы Әділет ЖАҒЫПАРмен сұхбат / әңгімелескен Д. Асан // «Адырна» ұлттық порталы.-2020.-31 қазан.- Мәтін: электронды.- URL: <https://adyrna.kz/post/51568> (жүгіну күні 20.10.2024).

Жағыпар Ә.Б. Тұлғалар тағылымы және Бүркіт Ысқақұлы / Б.Ә. Жағыпар //Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университетінің репозитории.-2002.- №2023(110)2.-119-131б.-Мәтін: электронды// Қарағанды университетінің хабаршысы: журнал.-URL: <https://history-philosophy-vestnik.ksu.kz/apart/2023-110-2/11.pdf> (жүгіну күні 20.10.2024).



«...Қайран, Нұра! Қайран атамекенім!  
Жүрегімді жұлсам да аздық етермін.  
Топырағыңнан айналайын, туған жер,  
Еңбегіңді қашан ғана өтермін?»

деп кеткен белгілі ғалым, ақын Бүркіт Ысқақұлын еліміз және бүгінгі жас ұрпақ ұмытпайды, ардақтайды. Ақынның шығармашылығы, әсіресе тәрбиелік мәні зор әдеби шығармалар жастарымызға үлгі - өнеге ретінде мәңгі жасайды, ұрпақтан ұрпаққа жетеді.



**Біздің мекен – жайымыз:  
Қарағанды облысы, Нұра ауданы  
Нұра кенті, Абай көшесі, 37  
Тел:8(721-44)22-7-20  
[www.nuralib.ful.kz](http://www.nuralib.ful.kz)  
E-nura70@mail.ru**